



Есенсай ауылы – Ақжайық ауданының солтүстік шығысында орналасқан, жер көлемі 117002 га. Қурайлысай, Қарауылтөбе ауылдық округтерімен және Теректі ауданымен шектеседі. Есенсай ауыл округіне- Кеңсуат елді мекені қарайды. Округ құрамында 2 мектеп, медпункт, мәдениет үйі, 2 кітапхана бар.

### **Есенсай ауылдық кітапханасы.**



*Кітапхана мәдениет үйі ғимаратының 2 –ші қабатында орналасқан*

Кітапхананың тарихи шежіресі тереңде жатыр. 1932 жылы кітапхана «қызыл отау» деген атпен ашылған. Сол жылдары алғашқы кітапханашы болып **Нұржанов Хамидолла** 1954 жылға дейін еңбек еткен. Сол кездің өзінде кітапханада 1500-2000 кітап болды. Ол кездегі кітапхана үгіт насихат жұмыстарының орталығы болу үшін еңбекшілерге тәрбие беру әдістерін күннен –күнге көбейтіп, жетілдіріп отырып, еңбек ұйымдастырудың үлгілі тәжірибелерін ғана емес сонымен қатар жарасты тұрмыс мәселелерін де насихаттап отырды. Сонымен қатар елдегі сауатсыздықты жою мәселелеріне де кітапханашылар ден қоя жұмыстанды.

1955-1959 жылдар аралығында **Альмұханбетов Болат** кітапханашы қызметін жалғастырды. Кітап қоры көбейе түсіп 6000 кітап болған. Сол кездегі кітапханада 450 оқырман болатын. Соның ішінде оқырмандар қатарын 80 оқушы, 25 орыс ұлты, 5 басқа ұлт өкілдері толықтыратын. Кітапхана әрқашан, совет адамдарын, жас ұрпақты ұлттық және интернационалдық міндет мақсаттарды дұрыс түсінуге баулып достық туысқандық рухында болашақ азаматты тәрбиелеу кітапхана жұмыстарының ең негізгі мақсаттарының бірі болды. Заманға деген құштарлығын арттыра түсу мақсатында В.И.Лениннің өмірі мен қызмет туралы әдебиеттерді насихаттауда түрлі бағытта насихат жұмыстарын жүргізіп отырды. Сонымен

қатар кітапханада кештер, ақын-жазушылармен кездесулер өткізіліп тұратын.

1959 жылдан бастап кітапханаға жас маман **Сариева Назым Қажығалиқызы** кітапханашы болып орналасты. Кітапхана жұмысын атқара жүре, ол 1965 жылы Ақтөбе мәдени ағарту училищесінің кітапханашы мамандығы бойынша бітіріп, арнаулы орта білімі бар маман болды. Кітапханада 6500 дана кітап қоры болды, алайда оқырман көп болған.



Ол кездері тыңда игеру және Қазақстанның қарқынды құрылысы Совет одағы халықтарының жақындаса түсуімен достығының аренасына айналды. Оларды Қазақстанның болашағымен қазақ халқының тарихымен, мәдениетімен таныстыру үшін кітапханалар тарихи-революциялық әдебиеттерді насихаттаумен бірге өлкетану әдебиеттеріне жастардың зиенін көбірек аударып отырды. Айталық 1960-1961 жылдары Ә.Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар», С.Мұқановтың «Өмір мектебі», Ғ.Мүсіреповтың «Қазақ солдаты», «Ұлпан» Х.Есенжановтың «Ақ Жайық» деген тамаша шығармалары жастарды өткен тарихи өмірімен таныстырып, осындай кітаптар жастардың қолдан түсірмейтін қызықты әдебиеттерінің біріне айналды. Бертін келе М.Шаханов, М.Мақатаев, Ш.Мұртаза, Ф. Оңғарсынова, А.Бақтыгереева шығармалары мен жырларын оқу жастар арасында кеңінен орын алды. Жазушыларымыз Б.Соқпақпаев, А.Бақтыгереева, Қ. Мырза Әли, С.Еркебаев, Ж.Молдағалиев, С.Сейітовтар туған жерге жиі келіп, кітапхана оқырмандарымен кездесіп жүрген. Назым Қажығалиқызы қызықты кештер, кездесулер, ақын-жазушылардың еңбектерін үнемі насихаттап отырған. КПСС Орталық Комитетінің қаулы-қарарларын, сол уақытта саяси тақырыптарды жеткізе насихаттаған. Пішен, егіс бригадаларында «Жауынгерлік бет», көркеткіш тақталарын толтырып, шығарылып отырған. Әрбір трактористтің,



шопанның күнделікті еңбек көрсеткіштерін плакаттарға шығарған. «Ел іші - өнер кеніші» атты жылма-жыл өткізілетін аудандық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болған. 1978 жылы «Елімізде барлық мамандық құрметті» атты кеш өтті. Онда кітапхана мамандығының құрметті, қызықты мамандық екенін кейінгі ұрпаққа насихаттады. Кітапханадағы көпшілік жұмыстарды нәтежелі ұйымдастырып отырған Назым апай кәсіби маман ретінде оқырмандармен жүргізілетін жеке жұмыстарды да естен шығармады. Олардың оқуына басшылық жасап, әр оқырманның тілек, сұраныстарын ескерді.

Назым Қажығалиқызы жергілікті советінің депутаттығына 2 рет ұсынылған, облыстық әйелдер I-II съезіне 2 рет делегат болып қатысқан. Қызмет істеген жылдарында өз жұмысымен бірге қоғамдық өмірге де белсене араласқан. «Әйелдер кеңесінің төрайымы», «Кітап құмарлар» қоғамының төрайымы жұмыстарының үнемі басында болған.

1990 жылы «Ардақты ана» орденімен марапатталып, екі жылға келісім шартпен кітапханада жұмыс жасап, 11 бала тәрбиелеп, зейнеткерлікке шықты. Қазіргі таңда да зейнеткермін деп үйде отырмай, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, ауыл адамдарының арасында үлкен бедел иесі.



Ауыл тарихына зер салсақ, сол жылдардан Назым апайдың салып берген сара жолын **Аяпқалиева Гүлайым** жалғастырып келеді. Аяпқалиева Гүлайым жоғары білімді маман (суретте)

Қазіргі таңдағы жан-жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі кітапхана. Бүгінде кітапханада 700 оқырман кітапханаға қатысады. Кітап қоры да балаларға арналған әдеби кітаптар, батырлар жыры, Ұлы тұлғалар туралы әдебиеттермен толығып келеді. Кітапханашы оқушылармен, оқырмандармен тығыз байланыста болып, олардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында кітапханада конференция, кездесу кеші, дөңгелек үстел, сайыстар, т.б. өткізіліп отырады.



Кітапханада «Атамекен» поэзия клубы (суретте) жұмыс істейді. Бұл клуб «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» деген девизбен қызмет істейді. «Атамекен» клубы кітапханада түрлі көпшілік шаралар өткізіп отырады. Бүгінгі күні клубтың 12 мүшесі бар. Олардың

9-ы оқушылар, ал 3-і жастар. Айына 1 рет клуб мүшелерімен отырыс өткізіледі. Жоспар жасалынып, істелген шараларды талқылап, пікір алмасады. «Атамекен» клубы да жастар арасында мамандық таңдауға, табиғатқа, туған жерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға игі әсер еткен жүйелі жұмысы өз жемісін беруде. Клуб мүшелерінің алды жоғарғы оқу орнында білім



алып қалаған мамандық иесі болды. Мысалы: Олжекеев Бейімбет Батыс Қазақстан гуманитарлық университетінің қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітірсе, Мырзағалиева Рита Орал педагогикалық колледжінің



қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітіріп мамандық иесі атанды. Олар ауыл кітапханасымен тығыз байланыста болып, осында болатын шараларға белсене қатысады. Аудандық «Дала дарындары» жастар шығармашылық фестиваліне қатысқан Мырзағалиева Рита І орын (суретте) алса, Олжекеев Бейімбет (суретте) «Оралхан Бөкей» шығармашылығына арналған байқауда жүлделі орынға ие болды.

Кітапханада «Тарихынды тани біл», «Жас маманға», «Жаңа кітаптар» атты ұсынба тізім әр маманға ұсынылады.

Кітапханада «Орал өңірінің жазушылары», «Кітапхана қасиетті шаңырақ», «Мәдени мұра», «Елеулі есімдер мерей тойы», «Ана тілі – ата-баба мұрасы» атты көрмелер бар. Кітапхананың бүгінде көптеген тұрақты оқырманы бар. Олар: Зейнеткер Ажиков Қ, Қауымбаева М, Серикбаев Ш, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Утесинова Г, Айтуғанова



Л, Байшутова А, жас оқырман Ихсанғалиева Г, Байғалиева Г, Таженова А. Сынды оқырмандарымыз кітапхананың көпшілік шараларына қатыса отырып кітапханашының белсенді көмекшілері ретінде ауыл кітапханасы тарихынан орын алары сөзсіз. Кітапханада кітапхана кеңесі тұрақты жұмыс істейді және бұл кеңес мүшелері үнемі шараларды өткізіп тұруға қатысады. Кітапхана



мектеп кітапханасымен ауыл тұрғындары, мекемелермен, қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыста болып, ауылдың мәдениетін көтеріп, тұрғындарға мәдени демалыс ұйымдастыруда ауыл кітапханашысының ролі бар. Осы бағытта 2007 жылы «Пай, пай қазақтың келіндері- ай» (суретте) әдеби байқау өткізді. Кітапханада оқырмандар білім алып қана қоймай, сонымен бірге әдептілікке мәдениеттілікке де шақырады. Даталы күндерге байланысты жұмыстар жүргізілді. Қазақстан Республикасының Рәміздері, Елтаңба, Әнұран, Туы және соңғы болып жатқан жаңалықтар туралы мағұлмат алады. Кітапханада оқушылар кітап әлемімен танысып, кітапты құрметтеуді, онымен жұмыс жасауды үйренеді. Ауыл кітапханасында оқушыларға рухани адамгершілік тәрбие беруде әр түрлі қызмет түрлері қолданады.

Кітапханада республикалық, облыстық, аудандық газет-журналдарға, балалар басылымдарына жазылады.

### Кенсуат ауылдық кітапханасы



*Кенсуат ауылдық кітапханасы  
ОКЖ-нің баланстық есебіндегі  
кітапхана ғимаратында орналасқан.  
Жалпы көлемі – 70 кв.м.*

Кенсуат аулының кітапханасы 1934 жылдары «Оқырман үйі» болып ашылды.

1934 -1938 жж. Дүйсенғалиев Молдаш

1938-1944жж. Темірбаев Төреғали

1945-1948 ж ж. Есқазиев Өтеген

1949-1954 жж. Мұқанов Қоңырбай

1955-1958жж. Мұлқайдарова Алмаш

1959-1961 жж Еділбаев Тасқали

1961-1963жж. Букеева Сарқыт

1963-1966 жж Табылдиева Қарылғаш

1966 ж 1998 жылға дейін . Осы кітапханашылар Кеңсуат ауылындағы

мәдени рухани өмір жаршылары ретінде заман ағымына қарай әр жылдарда елдің саясатын таныстыра отырып ел сауатсыздығын көтеру , коммунистік тәрбие беру, тарихи революциялық және әскери патриоттық тәрбие, атеистік білімді,

жастарға эстетикалық тәрбие берудегі бағыттарды насихаттап, адамзатқа кітап оқу мәдениетін




түсіндіріп отырды.


1998 жылдан кітапханашы болып **Бейлов Тілекбай** жұмыс істейді. Кенсуат ауыл кітапханасында қазіргі таңда 6830 кітап қоры бар. Ел басының дәсүрлі Жолдауларын насихаттап, сонымен қатар жасөспірімдерге туған Отанды, өлкені жан-жақты таныту ісіне үлес қосып келеді. Кітапханада кітапханашы оқырмандармен, мекеме, қоғамдық

ұйымдармен тығыз байланыста болып, оларды кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында кездесу кеші, дөңгелек үстелдер, түрлі тақырыпта кітап көрмелерін дайындап отырады.

Оқырман кітапханадан өзіне керекті, және жаңа мағлұматтарды кітапханашының әзірлеген анықтамалық библиографиялық құралдарынан ала алады.



*Есенсай округіндегі кітапханалардың 1985-2007 жылдар аралығындағы оқырмандар, кітап қорының орташа есеппен алынған көрсеткіштері.*



*Есенсай ауыл округіндегі кітапханалардың 2004-2008 жылдар аралығында мерзімді басылымдар көрсеткіші*